**2004 жылы Қазақстан Республикасында республикалық және ресми халықаралық жарыстар өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 15 наурыздағы N 66-ө өкімі

1. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің 2004 жылы Қазақстан Республикасының аумағында республикалық және ресми халықаралық жарыстарды өткізу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қоса беріліп отырған:

1) 2004 жылы Қазақстан Республикасында өткізілетін республикалық және ресми халықаралық жарыстардың тізбесі;

2) 2004 жылы Қазақстан Республикасында республикалық және ресми халықаралық жарыстарға дайындық және оларды өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі, Астана және Алматы қалаларының және Шығыс Қазақстан облысының әкімдері спорт түрлері бойынша тиісті федерациялармен келісім бойынша республикалық және ресми халықаралық жарыстарды дайындауды және өткізуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі республикалық және ресми халықаралық жарыстар өтетін және оларға қатысушылар мен ресми адамдар тұратын орындарда қоғамдық тәртіпті, олардың қауіпсіздігін сақтауды, ресми халықаралық жарыстарға қатысушы-шетелдік азаматтарды Астана, Алматы және Шығыс Қазақстан облысының Өскемен қалаларының қонақ үйлерінде тіркеуді қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі республикалық және ресми халықаралық жарыстарға дайындық пен олардың өткізілу барысын бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі республикалық және ресми халықаралық жарыстарға қатысушыларға медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге жәрдем көрсетсін.

7. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі республикалық және ресми халықаралық жарыстарға қатысушыларға көлік қызметін көрсетуді қамтамасыз етуге жәрдем көрсетсін.

8. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі ұсынған тізім бойынша ресми халықаралық жарыстарға қатысушылардың және ресми адамдардың келу және кету құжаттарын ресімдеуге жәрдем көрсетсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 15 наурыздағы N 66 өкімімен бекітілген

## 2004 жылы Қазақстан Республикасында республикалық және ресми халықаралық жарыстарға дайындық және оны өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы

Тұрлыханов Дәулет Болатұлы - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің төрағасы, төраға

Тәжібай Бақытбек - Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі төрағасының бірінші орынбасары, орынбасар

Қанағатов Елсияр Баймұхамедұлы - Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі төрағасының орынбасары, орынбасар

Зверьков Вадим Павлович - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер вице-министрі

Лавриненко Юрий Иванович - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар бірінші вице-министрі

Отто Иван Иванович - Қазақстан Республикасының Ішкі істер вице-министрі

Рябченко Олег Григорьевич - Қазақстан Республикасының Ақпарат бірінші вице-министрі

Диқанбаева Сәуле Әлкейқызы - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі

Досмұханбетов Темірхан Мыңайдарұлы - Астана қаласының әкімі

Храпунов Виктор Вячеславович - Алматы қаласының әкімі

Гречухин Александр Васильевич - Шығыс Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары

Мұзапаров Марат Өмірбекұлы - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің туризм және спорт басқармасының бастығы

Айтқожин - Астана қаласы әкімі аппаратының Туризм
Азамат Серікұлы және спорт жөніндегі департаментінің
бастығы

Оразбақ - Алматы қаласы әкімі аппаратының Дене
Ізбасар Оразбақұлы шынықтыру және спорт комитетінің
төрағасы

Захарин - Балуан Шолақ атындағы спорт және
Юрий Кузьмич мәдениет сарайының директоры
(келісім бойынша)

Қожасбай - Қазақстан Республикасының күрес
Ерлан Сәдуақасұлы федерациясының президенті
(келісім бойынша)

Хамхоев - Қазақстан Республикасының дзюдо
Әли Хамитұлы федерациясының вице-президенті
(келісім бойынша)

Тұрлыханова - Қазақстан Республикасының гандбол
Гүлнәр Смағұлқызы федерациясының президенті
(келісім бойынша)

Щеглова - Қазақстан Республикасының спорттық
Ирина Валерьевна бағдарлау федерациясының вице-президенті
(келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2004 жылғы 15 наурыздағы
N 66 өкімімен
бекітілген

## 2004 жылы Қазақстан Республикасында өткізілетін республикалық және ресми халықаралық жарыстардың тізбесі

| N | Іс-шаралардың атауы | Өткізу мерзімі | Өтетін орны | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1. | Ауыр атлетикадан Азия чемпионаты | 6-11 сәуір | Алматы қаласы | Қазақстан Республикасының Туризм және спорт |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | жөніндегі агенттігі, Алматы қаласының әкімі, Қазақстан Республикасының ауыр атлетика федерациясы (келісім бойынша) |
| 2. | Грек-рим күресінен Азия чемпионаты | 7-10 мамыр | Алматы қаласы | Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі, Алматы қаласының әкімі, Қазақстан Республикасының күрес федерациясы (келісім бойынша) |
| 3. | Дзюдодан Азия чемпионаты | 14-16 мамыр | Алматы қаласы | Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі, Алматы қаласының әкімі, Қазақстан Республикасының дзюдо федерациясы (келісім бойынша) |
| 4. | Спорттық бағдарлау. дан Азия және Тынық мұхиты аймағының чемпионаты | 26-30 мамыр | Өскемен қаласы | Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі, Шығыс Қазақстан облысының әкімі, Қазақстан Республикасының спорттық бағдарлау федерациясы (келісім бойынша) |
| 5. | Гандболдан жастардың әйелдер командалары арасындағы Азия чемпионаты | 10-15 маусым | Алматы қаласы | Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі, |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | Алматы қаласының әкімі, Қазақстан Республикасының гандбол федерациясы (келісім бойынша) |
| 6. | Еркін, грек-рим және әйелдер күресі бойынша Жас өспірімдер арасын. дағы Азия чемпионаты | 17-20 маусым | Алматы қаласы | Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі, Алматы қаласының әкімі, Қазақстан Республикасының күрес федерациясы (келісім бойынша) |
| 7. | Спорт ардагерлерінің республикалық спартакиадасы | 12-16 маусым | Астана қаласы | Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі, Астана қаласының әкімі |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК